

**D052 – «Исламтану»**  
**білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілерге**  
**арналған емтихан бағдарламасы**

**I Жалпы ережелер**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№ 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

<b>Блогы</b>	<b>Балы</b>
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

2. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

**II Түсу емтиханын өткізу тәртібі**

1. D052 – «Исламтану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;

- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;

- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.**

### **«Ислам ілімдерінің қазіргі мәселелері» пәні**

#### **1 тақырып. Ислам сенімінің негіздері: Құдай, қоғам (үммет), адам.**

Тақырыпшалар: «Ислам ілімдерінің қазіргі мәселелері» пәнінің танымдық-категориялық аппараты, мазмұны және әдіснамасы. Ислам өркениетінің бастауы, оның ерекшелігі, исламның әлемдік дінге айналуы, шарияттың мұсылмандық қасиетті құқық ретіндегі рөлі, мұсылмандардың билік пен меншікке қатынасының ерекшеліктері. «Құдай, қоғам (үммет), адам» мәселесі. Ижтихад, тақлид, фикһ және шарияттың мағыналары.

#### **2 тақырып. Исламның діни бағыттары, ағымдары мен философиялық мектептерінің алуан түрлілігінің феномені.**

Тақырыпшалар: «Бағыт», «ағым», «философиялық мектептер» ұғымдарының ерекшелігі және исламның доктриналық бірлігі. Діни ағымдарды зерттеудің ерекшеліктері мен маңыздылығы. Мұсылмандар арасындағы қақтығыстар мен келіспеушіліктердің себептері. Исламда философиялық, әлеуметтік-саяси, этноұлттық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік- мәдени бағыттардың, ағымдардың қалыптасу себептері. Исламдағы жаңа бағыттардың, ағымдар мен мектептердің пайда болуының діни және философиялық көздері. Исламдағы бағыттардың, ағымдардың және құқықтық мектептердің жалпы жіктелуі.

#### **3 тақырып. Харижилік және Шииттік: пайда болуы мен даму ерекшелігі.**

Тақырыпшалар: Харижилер ілімі – исламдағы ең алғашқы діни-саяси партияның (ағымның) ізбасарлары. Харижилер ілімдерінің принциптері. Сиффин шайқасы (657) және Әлидің ізбасарларының бір бөлігімен діни-саяси қақтығысы – «харурилер». Харижилердің қалыптасуы (араб. «хариж» – қарсы шығу) Әли мен оның қарсыласы Муауияға қарсы қозғалыстар мен күрес. VII ғасырдың екінші жартысындағы харижи қозғалысының бөлінуі: азариқа, ибадилер, суфрилер және т.б. Доктриналық және дүниетанымдық бірліктің болмауы. Харижиттердің халифаттық жайында «сенуші үмметтің суверендік билігі» туралы іліміндегі демократиялық тенденциялар. Шииттер ілімінің қалыптасу тарихы. Шиизмнің Мұхаммед пайғамбардың (VII ғасырдың екінші жартысы) мұрагерлері мен Муауия арасындағы саяси күрестің (билік үшін – имамат) негізінде пайда болуы. Шииттердің саяси тобы (алидиды) жоғарғы билікті «Пайғамбар отбасына» қайтару, билікті Али мен оның ұрпақтарына

беру жолындағы күрес. Шииттердің жоғарғы билік туралы идеяларын мистификациялануы: имам – «құдайлық» субстанция/жәуһар иесі. Шииттік және Әмәуилер мен Аббасилер әулеті. Шииттердегі «байсалды» және «шектен шыққан» ағымдар: 1) зәйдилер: шығу тегі; бұл бағыттың пайда болу тарихы; 2) Исмаилиттер: шығу тегі; бұл ағымның пайда болу тарихы; Исмаилиттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері. 3) Имамниттер: шығу тегі; бұл ағымның пайда болу тарихы; имамниттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері; имамниттердің таралу географиясы; 4) Имамниттер Ирандағы антишах (анти – зайырлы) қозғалысының негізгі оппозициялық күші ретінде (XX ғ.). 5) Әлевиттердің нусайриттер ретінде танымалдылығы: бұл ағымның пайда болу тарихы; Әлевиттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері. Қазіргі шииттер және олардың сенім негіздері. Шииттік заң мектебінің ерекшеліктері. Шииттердің діни қайнар көздерді талдау әдістері. Қазіргі уақыттағы харижиттіктің, шииттіктің көрінісі.

#### **4. Тақырып: Сүнниттік: мәні мен мазмұны.**

Тақырыпшалар: Сүнниттік ілімнің қалыптасу ерекшелігі. «Сүннит» терминінің шығу тарихы. Сүннитер – «ақиқат иелері» (әһл әл-хаққ). Сүннизмнен болудың маңызды белгілері. Әділ халифалар тұсындағы сүнниттік ілімнің дамуы. Халифа Омардың Исламды әлемдік дін ретінде орнықтырудағы рөлі. Хадистер мен Пайғамбар сүннеттері тарихи-әдеби мұра ретінде, әрі құқық теориясы мен практикасының екінші (Құраннан кейінгі) қайнар көзі. Әділ халифалар мен Омеядтар тұсындағы ислам құқығы (661-750). Өртүрлі мазһабтардың қалыптасу ерекшеліктері. Аббасидтер тұсындағы құқық теориясы мен практикасының (фикһ) қосылуы мен күрделенуі. Негізгі құқықтық мазһабтардың сипаттамасы және олардың негізін қалаушылар. Ислам

құқығының (фикһ) ерекшеліктері: ғибадат пен муғамаләт. Асхаб әл-хадиске қарсы Асхаб ар-рай. Мұсылман қоғамының құқықтық институттары және олардың кадрлық құрамы. Хадистің қалыптасуы мен қолданылуындағы фикһ ғалымдарының, мужтаһидтердің, муфтилердің және қазылардың рөлі. Қазіргі кезеңдегі сүннизм.

#### **5 тақырып. Сопылық: мәні мен мазмұны.**

Тақырыпшалар: Сопылық тарихы. Сопылық ілімінің негіздері. Сопылықтың пайда болуының әлеуметтік-саяси себептері мен идеологиялық бастаулары. «Тариқат», «шейх – ұстаз» ұғымдары. Сопылық тариқаттар: ат-Тиджания, ас-Синусия, әл-Қадирия, Рифайя, Нақшбандия, әш-Шазилия және басқалары. Әр тариқаттың ерекше белгілері. Сопылықтағы негізгі он екі тариқат. Сопылық бауырластықтардың ішкі ұйымдастырылуы мен өмірінің ерекшеліктері. Зикрдің мәні ұжымдық қуаныш ретінде. Әлемде және Қазақстан Республикасында сопылықтың таралу географиясы.

#### **6 тақырып. Уаһһабилік: мазмұны мен мәні.**

Тақырыпшалар: Уаһһабиліктің пайда болу тарихы. Уаһһабиліктің негізгі категориялары. Исламның бағыттары мен мектептеріне деген көзқарас. Уаһһабилік мектеп ілімінің қағидалары. Идеялар мен көзқарастары, діни

сенімінің ерекшеліктері. Уаһһабиліктің негізгі бағыттары. Сәләфизм. Уаһһабиліктің қазіргі жағдайы.

## **7 тақырып. Исламдық дәстүрлі емес діни қозғалыстар.**

Тақырыпшалар: Бабизм-өзін баб деп жариялаған Әли Мұхаммед Ширазидің (1819 -1850) (1844) баб (араб. «баб» – қақпа) – «Мәсіхтің қақпалары» (махди), «жердегі әділеттілік пен теңдіктің» жаңа дәуірінің «ашылуы». Бабизмнің идеологиялық және саяси мәні және халықтың Ирандағы антишахтық сөздері (1848-1852). Бағдадтағы бабиттер қауымдастығының бөлінуі. Эзелиттер мен бахаилер. Бабиттердің доктриналық ерекшеліктері. Шарифатқа тыйым салу. Бабит қозғалысындағы саяси жеке террордың тәжірибесі. Шиит мужтахидтерінің бабты еретик ретінде айыптауы және Ирандағы бабиттік қозғалыстың жеңілісі. Бахаизм – бахаиттердің ілімі, баб Мырза Хусейн-Али Нури (1817-1892) ізбасарлары, Баха Алла («Алланың нұры») деген атпен белгілі, Бабит көтерілісі жеңіліп, бабизмнің негізін қалаушы өлім жазасына кесілгеннен кейін Ираннан бабиттер қауымдастығымен бірге көшіп келген. Бахаизмнің доктриналық көздері – Баха – Алланың «Китаб – и- Иқан» (1858) және «Китаб ал-акдас» (1873) шығармалары. Бахаизм ілімінің ерекшеліктері және бахаи қауымдастықтарының ішкі ұйымдастырылуы: рәсімнің болмауы, діни қызметкерлер институты және исламның негізгі догмалары. Бабизмнен айырмашылығы. Бахаизм және адамзаттың діни және саяси деңгейдегі бірлігі. Хайфадағы Дүниежүзілік Әділет үйі. Бахаизм ілімінің таралу географиясы. Қадиянизм (Қадияния немесе Ахмадия) – Пенджабта (Үндістан) Мырза Гулям Ахмад Қадияни (1835-1908) құрған мұсылман қауымы. Қадияни ілімінің синкретикалық сипаты мұсылмандарға, христиандарға және басқа дін өкілдеріне бағытталған. Ілімнің доктриналық негізі: Ахмадия (наби) қауымдастығының негізін қалаушы мұсылман махдиі, христиан мәсіхі және үнділік Кришна; Құранды рационалистік түсіндіру (Мұхаммед Әлидің ағылшын басылымына түсініктемелері); қажылық объектісі болып, Пенджаб қ. (Ахмад Қадияни өмір сүрген жерде – Ахмадия) және Мәсіхтің болжамды жерлеу орны (Иус Асафа) – Кашмирдегі Сринагор қаласы; зекет капиталдың 2,5% құрайды. Ахмадияның ағартушылық қызметі. Ахмадия ілімінің әлемде таралуының географиялық аймағы. Ислам қауымдастықтары мен Хизбут-Тахрир қозғалысы: анықтамасы; шығуы; бұл қозғалыстың пайда болу тарихы; хизбу тахрир қозғалысы ілімінің негізі; қазіргі мәселелерді құқықтық шешуі; ілімінің әлемде және ТМД-да таралу географиясы. Таблиғи жамағаты: анықтамасы; шығуы; қозғалыстың пайда болу тарихы; таблиғ қозғалысының ілімдерінің негіздері. Хабашилер: анықтамасы; шығуы; бұл қозғалыстың пайда болу тарихы; хабашилер қозғалысы ілімінің негізі. Тәкфир және хижра жамағаты: бұл ағыммен танысу; қозғалыстың пайда болу тарихы; пікірлері мен көзқарастары, сенім негіздерінің ерекшеліктері.

## **8 тақырып. Жаһандану және цифрландыру жағдайындағы Ислам мәселелері.**

Тақырыпшалар: Исламның қазіргі проблемаларына жүйелі көзқарастың ерекшелігі. Ресейдің көп конфессиялық кеңістігіндегі Ислам: мәні мен ерекшеліктері. Батыста исламның таралуы: ерекшелігі мен негізгі мәселелері. Қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетіндегі исламның рөлі мен орны.

### **9 тақырып. Ислам мәдениеті.**

Тақырыпшалар: Исламның әлемдік мәдениетке қосқан үлесі, қазіргі бұқаралық мәдениетке әсері. Мұсылман синкретизмінің мәселелері: испандық морискилер, бахаизм, сикхизм. Исламның қазіргі ағымдары мен мәселелері («мұсылман социализмі» және «Ислам революциясы» тұжырымдамалары; «Ислам мемлекеті» және «ислам экономикасы» тұжырымдамалары). Джихадтың қазіргі заманғы тұжырымдамалары және исламдық фанатизм (терроризм) мәселесі. Исламдық идеология қазіргі мұсылман елдері саясатының факторы ретінде.

### **10 тақырып. Ислам тарихының саяси аспектілері.**

Тақырыпшалар: Исламдық реформа жолында: азаматтық бостандық, адам құқықтары. Ғасыр қуған Ислам. Қазіргі идеологиялық және саяси күрестегі Ислам. Ислам және халықтар. Шиит дінбасыларының Иранның қоғамдық және саяси өміріне әсер ету тәсілдері мен формалары. ХХІ ғасыр табалдырығындағы Ислам, Халифатсыз халифалар: Таяу Шығыстағы исламдық үкіметтік емес діни және саяси ұйымдар: тарихы, идеологиясы, қызметі. Араб елдеріндегі исламдық экстремизм. Шығыс елдерінің саяси өміріндегі мұсылман азшылығы.

### **11 тақырып. Еуропалық ислам.**

Тақырыпшалар: Еуропалық ислам немесе исламдық Еуропа. Еуропадағы мұсылман феноменінің демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы. Исламды детерриторизациялау тұжырымдамасы. Мұсылман ассимиляциясының сәтсіздігінің тәжірибелік нәтижесі ретінде еуропалық христиан-мұсылман шекарасы туралы түсінік. Еуропалық көпмәдениеттіліктің теориясы мен практикасы, исламофобияның себептері. Еуропалық исламофобияның тарихи тамыры. Еуропалық мемлекеттердің саяси исламды жеке және ЕО-ны нақты геосаяси мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде пайдалану тенденциясы (мысалы «Ислам мемлекеті»). Саяси Исламды «жақсы» және «жаман» деп бөлу, еуропалық үкіметтердің әрекеттері конъюнктуралық мүдделеріне сәйкес келетін исламистерді қолдауды жүзеге асыру.

## **«Хадистану» пәні**

### **1 тақырып. «Хадистану» ғылымы: пәнге кіріспе.**

Тақырыпшалар: «Хадистану» пәнінің ерекшелігі. Хадистану ілімінің пайда болу ерекшеліктері. Хадис ғылымының қалыптасуындағы қиындықтар. Хадистерді зерттеу және жіктеу мақсаты.

### **2 тақырып. Мұхаммед Пайғамбардың Сүннеті.**

Тақырыпшалар: Сүннеттің анықтамасы және оның Құранмен байланысы. Хадистер және мұсылмандардың өмір салты. Сенімді хадистер жинағын құрастыру. Пайғамбар сүннеті және мұсылман дінінің негізін

калаушы (ижтихад). Мұхаммедтің мысалына алғашқы мұсылман қауымының қажеттілігі.

«Пайғамбар сүннеті» туралы түсінік қалыптастыру. Хадисті жинау және жеткізу әдістері мен тәсілдері. Хадистің беделінің өсуі (VIII-IX ғғ.) және сүннетті мұсылман дінінің екінші қосымша көзі ретінде қабылдау. Сүнниттер мен шииттердің сүннетке қатынасы: хадис және хабар. Қоғам өмірінің мәселелерін шешуде Құран мен сүннетті ұштастыру. Хадис білім берудің ерекше формасы ретінде. Хадистің құрылымы: иснад пен мәтін, олардың мақсаты. Хадисті мұсылмандық дәстүрлі сынға алу. Оларды жіктеу және тексеру қағидалары. Сүннет – ерте ислам дәуіріндегі тарихи дерек көзі ретінде. Хадис жинақтарының аудармалары және оларды зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен мерзімделуі. Хадистің, сахабалар мен олардың ізбасарларының сөздерінен айырмашылығы (таби'ин). Сүннет пен хадис арасындағы айырмашылық. Сүннет және бидғат (бид'а). Құдси хадис.

### **3 тақырып. Хадистердің жіктелуі.**

Тақырыпшалар: Хадис түрлері. «Сахих» (сенімді), «сахих лизатиһи» және «сахих лиғайриһи» хадистері. «Хасан» (жақсы), «Хасан лизатиһи» және «Хасан лиғайриһи» хадистері.

«Да'иф» (әлсіз) хадис, шариғат мәселелерін шешуде «әлсіз» хадис қолдану дәрежесі.

### **4 тақырып. Хадистерді жеткізушілердің саны бойынша жіктелуі.**

Тақырыпшалар: «Мутауатир» хадис. «Машһүр» хадис. «Азиз» хадис.

«Ахад» хадис. «Ахад» хадистерді пайдалану туралы ғалымдардың пікірлері.

### **5 тақырып. Иснад – хадис жеткізушілер тізбегі.**

Тақырыпшалар: Хадис жеткізушілеріне қойылатын Иснад пен оның шарттары. Иснад туралы ғылым және иснадтың сенімділігінің маңыздылығы.

Иснад Муттасыл (الإسناد المتصل). Иснад ғаир-Муттасыл (الإسناد غير المتصل). Иснад Алий (الإسناد العالي). Иснад Назиль (الإسناد النازل). «Иснад Алий» мен «Иснад Назилдің» арасындағы айырмашылық. Иснад Сахих (الإسناد الصحيح).

«Әлсіз» иснадтардың түрлері: (المؤنن، الواهي المعنعن، المضطر، v).

Иснадтағы

السند في القلب ( алмасулар )

### **6 тақырып. Дәлелдеу және растау ғылымы.**

Тақырыпшалар: Дәлелдеу және растау ғылымы (Жарх және Тағдил ілімі) хадис жеткізушінің адалдығын (ақиқаттығын) анықтайтын ғылым ретінде. Хадистерді таңдау әдістемесі. Хадистерді зерттеу үшін хадистерді жеткізушілердің өмірінен ең ұсақ бөлшектерді пайдалану, олардың шыншылдығы, әдептілігі, тақуалығы, жады (естілген хадисті дәл жеткізу), сондай-ақ оның ақыл-ойы тұрғысынан қарастыру.

### **7 тақырып. Хадис жеткізушіге қойылатын талаптар.**

Тақырыпшалар: Хадистің жеткізілуінің растығы. Қайталаудағы дәлдік.

Хадистің мағыналық жеткізілу мүмкіндігі. Хадисті жеткізушінің естіген қайнар көзіне қойылатын талаптар.

### **8 тақырып. Хадистерді жазу.**

Тақырыпшалар: Алла Елшісінің көзі тірісінде хадистердің жазылуы. Мұхаммед Пайғамбардың хадистердің жазылуына көзқарасы. Ол дүниеден өткеннен кейін хадистердің жазылуы: мәселелер және мәселелердің шешімін табу жолдары.

### **9 тақырып. Ең маңызды хадис жинақтары.**

Тақырыпшалар: Хадис жинақтары және олардың авторларының өмірбаяны. Осы жинақтарға қатысты ғалымдардың мәлімдемелері. Бұхари Сахихы. Муслимнің Сахихы. Нәсаидің Сунаны. Әбу Даудтың Сунаны. Тирмизидің Сунаны. Ибн Мәжәның Сунаны. Имам Маликтің Мууаттасы. Ахмад ибн Ханбалдің Муснәді.

### **10 тақырып. Жалған хадистердің пайда болу жолдары.**

Тақырыпшалар: Жалған хадистер мен олардың авторларын анықтау бойынша хадис ғалымдарының еңбектері. Жалған хадистерді анықтау және зерттеу саласында жазылған ең маңызды еңбектер: «Жалған хадистердің пайда болу жолдары» (авторы Ас-Суюти). «Шарифатты тазарту» (авторы Ибн Аррак).

## **«Ислам теологиясы» пәні**

### **1 тақырып. «Ислам теологиясы» ғылымы.**

Тақырыпшалар: «Ислам теологиясы» пәніне кіріспе. «Ислам теологиясы» терминінің мағынасы, бұл ғылымның зерттейтін пәні мен объекті. Ислам ғылымдарының пайда болу тарихы. Ислам ғылымдары арасындағы «ислам теологиясының» орны және оның маңыздылығы. Мұсылман нанымдарының ерекшеліктері. Көрнекті ислам теологтарының қысқаша өмірбаяны.

### **2 тақырып. Алла Ислам теологиясының негізгі объектісі ретінде.**

Тақырыпшалар: Қасиетті мәтіндерден дәлелдер. Рационалды пайымдау. Мысалға келтірілген классикалық дәлелдер, Әбу Ханифа мен Джағфар әс-Садиктың дәлелдері. Қоршаған әлемнен дәлелдер. Адам құрылымындағы дәлелдер. Сопылық тұрғысынан Алланың болуының дәлелі. Құдайдың бар болуын негіздеудің заманауи әрекеттерінің мысалдары. Алланың есімдері мен сипаттары: құдайлық сипаттардың жіктелуі. Сипаттарды түсіндіру: «бар болу»,

«бастауы жоқ», «Соңы жоқ», «тәуелді емес», «жалғыздық», «Өмір», «Білім», «Еркін», «Құдіретті», «Есту», «Көру», «Сөйлеу», «Жарату» және т.б.. Құран мен Сүннет мәтіндерінде айтылған барлық құдайлық сипаттарды мойындаудың міндеттілігі. Құдайдың сипаттарын түсінудің күрделілігінің себептері. Құдайдың сипаттарын түсіну және түсіндіру әдістері. Алла Тағаланың 99 есімі.

### **3 тақырып. Құдайдың жазбаларына сену (Кітаптары).**

Тақырыбы: Құдай жазбаларының анықтамасы. Оларды жіберудің

мақсаты. Құранға дейін жіберілген Құдайдың жазбалары.

#### **4 тақырып. Періштелерге сенім. Жындар.**

Тақырыпшалар: Періштелерге деген сенімді анықтау, періштелердің жаратылуы, Құран мен сүннеттегі періштелер. Періштелердің сипаттары. Періштелердің міндеттері: ұлы періштелер және олардың міндеттері. Қамқоршы періштелер. Періштелер Құдайдың қызметшілері.

Жындар – оттан жаратылған жаратылыс. Жындар өркениеті адамзат өркениетімен қатар өмір сүреді. Жындардың сипаттары: ақыл, құмарлық, сенім, сенімсіздік.

#### **5 тақырып. Пайғамбарлар мен елшілер.**

Тақырыпшалар: Пайғамбарлар мен елшілерге деген сенімнің мәні. Сүннетте көрсетілген елшілер саны. Пайғамбар мен елшінің арасындағы айырмашылық. Пайғамбарлардың міндеттері: Құдай заңдарын адамдарға жеткізу. Құдайдың заңдарын түсіндіру. Жеке мысал беру. Үмметке басшылық ету. Қарсыластарымен пікірталас жүргізу. Пайғамбарлардың сипаттары: күнәсіз адамдар, мұғжиза көрсетушілер.

#### **6 тақырып. Қиямет күні.**

Тақырыпшалар: Қиямет күніне деген сенімнің мәні. Құран аяттары мен пайғамбардың хадистерінде қиямет күні жайында айтылуы. Құрандағы Қиямет күнінің атаулары. Өлім. Қабір. Қабірде сенушілер мен кәпірлердің жағдайы. Қиямет күнінің белгілері. Қайта тірілу. Жинау. Сұрақ-жауап. Сырат. Жұмақ. Тозақ.

#### **7 тақырып. Тағдыр.**

Тақырыпшалар: Тағдырдың мәні. Тағдырдың жазылу тарихы жайында. Тағдырдың жазылуы – «Құдірет» және «Білім» сияқты құдайлық сипаттардың нәтижесі. Исламдағы жақсылық пен жамандық туралы түсінік. Алланың адамның іс-әрекетін жасауы және таңдау еркіндігімен байланысы.

#### **8 тақырып. Сенімнің мәні.**

Тақырыпшалар: Сенімнің анықтамасы. Әбу Ханифа мен оның қарсыластарының пікірі. Екі анықтаманың жалпы сәттері. Сенім өзгерісте немесе тұрақты ма? Ғалымдардың сенімнің тұрақтылығы мен өзгергіштігі туралы көзқарастары. Аталған көзқарастар арасындағы келіспеушіліктің себептерін түсіндіру. Сенім дәрежелері. Сенімнің дәрежесі бойынша жіктелуі: иман фитри, иман таклиди, иман истидлали. Исламды қабылдау: исламды қабылдау ережелері.

«Алладан басқа құдай жоқ» формуласын айту және оның мағынасы.

#### **9 тақырып. Күпірлік.**

Тақырыпшалар: Күпірлікті анықтау. Күпірлікке әкелетін сенімдер, сөздер мен әрекеттер. күпірлікке әкелетін әрекеттер бірнеше түрде болады. Күпірлікке әкелетін сенімдер. Күпірлікке әкелетін сөздер. күпірлікке әкелетін әрекеттер. Мұсылман емес адамдармен қарым-қатынас ережелері: кәпірлермен дұшпандыққа жол берілмейді, алайда олармен қарым-қатынас Ислам қағидаттары мен мұсылманның сенімі үшін қауіпті болмауы керек. Күпірліктің түрлері: сенімсіздік. Сенбеу танымау. Сенімсіздік қыңырлығы. Сенімсіздік екіжүзділік. Политеизм / Пұтқа Табынушылық. Пұтқа

табынушылықты теологиялық классификациялау мысалдары. Пұтқа табынушылықтың діни классификациясының мысалдары. Діннен шығу.

### III Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

#### Негізгі:

1. Абжалов С.У. Ханафи мазһабы. – Алматы, 2013.
2. Адилбаев А., Адилбаева Ш. Абу Ханифа и Ханафитский мазһаб. – А.: Көкжиек. 2018. – 400 Б.
3. Анарбаев Н., Бағашаров Қ. Ислам этикасы (ахлақ). - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Байтенова Н.Ж., Челеби И. Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы мен болашағы. – Алматы, 2012.
5. Байтенова Н.Ж. және т.б. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер: конфессияаралық келісім. – Алматы, 2014.
6. Байтенова Н.Ж. және т.б. Исламдағы секталар мен бағыттар. – Алматы, 2013.
7. Бағашаров Қ. Исламдық дереккөздерді интерпретациялау әдістері. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 164 б.
8. Бегалинова К., Ашилова М., Бегалинов А. Исламская философия. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 210 с.
9. Ғабитов Т., Затов К. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, 2012.
10. Жамашев А.Ш. Қазақстанда жарық көрген ислами кітаптар мен мақалалар тізімі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
11. Исаұлы М. Құран кімнің сөзі? – Алматы, 2004.
12. Ислам философиясы. Жиырма томдық. 4-том. Құраст: Ә. Нысанбаев, Д. Кенжетай. Астана: Аударма, 2017. – 534 с.
13. Құрманбаев Қ. Хадис ілімі. – Алматы: Нұр Мұбарак, 2017. – 300 С.
14. Мамиргов М.З. Книга исламских сект и вероучений. – М.: Телевидеокомпания «Исламский Мир», 2007. – 472с.
15. Мухитдинов Р. Аманат. Сунан әт-Тирмизидің аудармасы мен түсініктемесі. – Алматы: Нұр-Мұбарак, 2021.- 488 б.
16. Өмірзаққызы. Адамзаттың асыл тәжі. – А.: Көкжиек. 2017. – 584 С.
17. Сабдин. Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері. – А.: Көкжиек. 2020. – 468 С.

18. Сейтбеков С. Мәзһабтар тарихы. – Алматы, 2012.
19. Сейтбеков. Иман негіздері. А.: Көкжиек. – 2018. – 376 С.
20. Топалогоғлу Б. Ислам теологиясы. Кіріспе. – Алматы, 2014.
21. Фикх әл-ғибадат. (Құраст.: Р. Мухитдинов). – Алматы: «Qasiet Qaz» ЖШС, 2021. – 528 б.
22. Хайламаз Р. (пер: Ғ. Тобашев). Жүрек төрінен орын алған теңдессіз тұлға Мұхаммед. – А.: Дария. 2019. - 888 С.
23. Шабан Өз. (пер: Е. Есімқұлов) Ислам тарихы. – Алматы, 2018. – 352
24. Эргашева Ю.А., Бегалинова К.К., Сафарова З.С. Великие религиозные деятели Центральной Азии. – Ташкент: Voris-nashriyot. 2019. – 246 с.

### **Қосымша:**

1. Әділбаева Шәмшат. Хадис - ғұрпымыз Сүннет - салтымыз. – Алматы, 2009.
2. Бартольд В. Ислам. – М.: 2012.
3. Бегалинова К., Ашилова М., Бегалинов А. Суфизм – теософия ислама: генезис и концептуальные основы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 138 б.
4. Ислам. Энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1991
5. Кенжетай Д. Сопылық тарихы және философиясы. Алматы, 2012 ж.  
-  
39 бет.
6. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. - Түркістан, 2004.  
- 341 бет
7. Кенжетай Д. Ислам философиясы. Алматы. 2012ж. -115 бет.
8. Керимов Г.М. Шариат закон жизни мусульман. – Москва-Санкт Петербург: Диля, 2007.
9. Легенгаузен М. Современные вопросы исламской мысли. – М.: 2009.
10. Нұралы Өсерұлы. Шариат. – Алматы, 1996..
11. Шииты, сунниты, дервишты: вечные тайны ислама. – М.: Ид-во Эксмо, Изд-во Алгоритм, 2005. – 416 с.